

"Куат" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 31 тамыз N 749. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.14. N 1725 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шина және резеңке техникасы өнеркәсібінің қосымшаға сәйкес кәсіпорындары негізінде "Куат" мемлекеттік холдинг компаниясы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

белгіленген тәртіппен Компания құрамына енгізілген кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын "Куат" компаниясына беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерлік қоғамдарға қайта құрылу дәрежесіне қарай акциялардың тиісті мемлекеттік бақылау пакеттері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакетінен басқасы, Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алушың және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіп бойынша "Куат" компаниясының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беріледі деп белгілесін.

бір айлық мерзімде құрылтай құжаттарының пакетін әзірлесін;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде "Куат" компаниясының мұліктік кешенін қалыптастыру жөніндегі жұмысты әзірлейтін болсын.

3. "Куат" компаниясына:

Компанияға енгізілген кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың қызметін үйлестіру;

нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында ғылыми-өндірістік әлеуметті тиімді пайдалану;

қолда бар қаржы мен материалдық ресурстарға сүйеніп,

Компанияға енгізілген барлық ұйымдардың техникалық дамуына жәрдемдесу жүктелсін.

4. "Қуат" мемлекеттік холдинг компаниясының орналасатын жері Шымкент қаласы деп анықталсын.

5. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет компанияның атқарушы аппаратын орналастыру үшін қажетті қызыметтік үй-жай бөлсін, ал Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі оны техникалық құралдармен телефон және телекс байланысы арналарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 31 тамыздағы

N 749 қаулысына

Қосымша

"Қуат" мемлекеттік холдинг компаниясының

құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың,

кәсіпорындар мен ұйымдардың

Тізбесі

"Шымкентшина" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы
"Қарағандырезенкетехника" жалгерлік өндіріс бірлестігі,
Қарағанды облысының Сарань қаласы

Шымкент шина жөндеу зауыты, Шымкент қаласы
Қостанай шина жөндеу зауыты, Қостанай қаласы
Павлодар шина жөндеу зауыты, Павлодар қаласы
Қарағанды шина жөндеу зауыты, Қарағанды облысының Ақтас қаласы

"Прогресс" ғылыми-өндірістік бірлестігі (Шымкент жөндеу-механика зауыты), Шымкент қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК